



«БЕКІТЕМІН»

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз  
университетінің ректоры, п.ғ.д., профессор  
М.Н.Сарыбеков

2026 ж.

**Қазақ халық поэзиясының көрнекті тұлғасы, XX ғасырдың Гомері, өлең сөздің дүлдүлі,  
жырау, жыршы Ж.Жабаевтың туғанына 180 жыл толуына орай өткізілетін  
«Тілегім — өрістеген оқу, білім!» атты облыстық эссе байқауының  
ЕРЕЖЕСІ**

**Байқаудың мақсаты:** Қазақ халық поэзиясына өзгеше өрнек, соны сыр-сипат алып келген қазақтың аса көрнекті ақыны, өлең сөздің дүлдүлі, жырау, жыршы Ж.Жабаевтың шығармашылығын өскелең ұрпаққа кеңінен мазмұндап, тәуелсіз ел руханиятындағы маңызын зерделеу, егемен еліміздің әдебиеті мен мәдениетіне үлес қосу.

**Байқауды ұйымдастырушы:** Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің «Шерхантану» ғылыми-зерттеу орталығы.

**Байқау талаптары.** Қатысушы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Ж.Жабаевтың шығармашылығы бойынша эссе жазуы шарт.

Байқауға Жамбыл облысы бойынша жалпы білім беретін орта мектептердің 5-11 сынып оқушылары қатыса алады.

**Эссе ережесіне сәйкес:**

- 5-6 сыныптар үшін – 80-90;
- 7-8 сыныптар үшін 100-130;
- 9-сыныптар үшін 150-200;
- 10 сыныптар үшін 200-300;
- 11 сынып үшін 350 сөзді қамту керек.

Және эсседе білім алушының сөздік қоры, ойын тиянақты жеткізуі мен сауаттылығы, жалпы әдебиет өкілінің шығармашылығына деген ерекше көзқарасы бой көрсетуі шарт.

Жұмыстар оқушының таңдауымен қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде, MS Word форматында орындалады:

- Қаріп түрі Times New Roman;
  - Қаріп өлшемі 14, интервал 1 болуы тиіс.
- Эссені рәсімдеуде төмендегі реттілікке сүйенеді:
- қатысушының аты-жөні (толық);
  - облыс, аудан (қала) немесе ауыл;
  - білім беру ұйымының атауы, сыныбы;
  - авторға бағыт беруші жетекшінің аты-жөні (толық);

Байқауға қатысу өтінімі мен жұмыстарды **2026 жылдың 25 қаңтар 20 ақпан аралығында** [baysakalova1984@mail.ru](mailto:baysakalova1984@mail.ru) электронды поштасына жіберу қажет.

**Байланыс телефондары:** +7 7771704185 (Айнұр Тұрарқызы), +7 7770850401 (Жадыра Манатқызы)

*Байқау жеңімпаздары арнайы дипломдармен марапатталады. Марапаттау салтанаты 2026 жылдың 25-ақпанында Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінде өткізіледі.*